

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы



менгерушісі:
А.Еришова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шунишалиева

«Табиғат әлемі»

/вариативтік компонент/

№8 «Құлагер» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілер: Исатаева Ж.
Исаева К.

2021-2022 оқу жылы

«Табиғат әлемі» таңдау курсына нәтижелерді пайдалану барысында мектепалды даярлық сынып (топ) балалары:

- бақылау мен бақылаушының рөлін білуі: қоршаған ортаның нысандарын, құбылыстары мен үдерістерінің қажеттілігін түсіндіре алуы;
- «бақылау» деген ұғымды түсініп, қоршаған ортадағы құбылыстарға бақылау жүргізе білуі; қарапайым тәжірибелік жұмыстарды жүргізе білуі;
- өлі және тірі табиғат туралы түсінігінің болуы; жер, су, ауаның тазалығы жөніндегі түсінігінің болуы;
- бөлме және басқа мәдени өсімдіктерге күтім жасай алуы;
- жабайы жануарлар және үй жануарларының айырмашылықтарын білуі;
- оларға қамқорлық көрсету дағдыларын меңгеруі; орманшының, қорықшының қызметін білуі;
- орманды, тоғайды өрттен қорғаудың қажет екендігін түсінуі;
- табиғатта адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтай білуі;
- табиғатты қорғауға байланысты айтылатын тыйым сөздердің мағынасын білуі;
- табиғаттағы пайдалы әрекет түрлерін орындай білуі;
- адамның денсаулығының жақсы болуы қоршаған ортаның тазалығына байланысты екендігін білуі тиіс.

Осы бағдарлама (5 жастан бастап) балалармен, ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізуді, ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекетін қамтиды.

Бағдарламаны іске асыру аптасына 1 сағаттан барлығы 32 сағатты құрайды.

Бағдарлама бойынша өткізілген жұмыстар барысында балалар қоршаған Ортаға, түрлі мәліметтерге қызығушылық танытады. Олардың көбінесе туған өлкенің табиғатын зерделеп білуге құмарлықтары артады, балалармен туған өлкеге байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, олардың бойында ізденімпаздықты қалыптастыруға болады, осы арқылы баланың табиғатпен үйлесім табуы, табиғатқа деген қамқорлығы, жанашырлығы артады.

Бағдарламаның мақсаты: оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыра отырып (5жастан бастап), балалардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік беру.

Міндеттері:

- табиғат жайында терең экологиялық білім беру, өзіндік ізденіске, шығармашылыққа баулу, бағыт-бағдар беру;
- туған табиғаттың сұлулығын көруге баулу;
- мемлекетіміздің табиғи қорларын тиімді пайдалануға дағдыландыру;
- табиғат әлеміне қызығушылықты ояту.

«Табиғат әлемі» таңдау курсының әдіс-тәсілдері:

- бақылау, зерттеу;
- әңгімелеу, сұрақ-жауап;
- тақырыптық тәжірбиелік жұмыстар;
- дамытушы ойындар: сөздік ойындар, дидактикалық ойындар, қимылды ойындар;
- шығармашылық жұмыстар, еңбек мәдениеті;
- қалдық және табиғи материалдан жасалған заттар көрмесі, табиғатқа байланысты жасалған суреттердің көрмесі;
- экологиялық отбасылық газеттер шығарлымы;

Бағдарлама «Таным», «Денсаулық», «Әлеумет», «Шығармашылық», «Қатынас» білім беру салаларын кіріктіру арқылы іске асырылады. **Күтілетін нәтиже:**

- күнделікті өмірде табиғат туралы білімнің маңызды екенін түсінеді;
- табиғат нысандары мен құбылыстарын бақылау, қорытынды шығару дағдылары қалыптасады;
- табиғатта өзін-өзі ұстаудың қарапайым ережелерін орындай алады;
- 4 К дағдыларын (креативтілікті, сыни ойлауды дамыту, тіл табысуға дайын және командада жұмыс істей білу) игереді.

«Табиғат әлемі» бағдарламасының күнтізбелік тақырыптық жоспары

| № | Мазмұны | Сағат саны | Өтілу түрі | Мерзімі |
|----|--|------------|---|----------------|
| 1 | «Жаңбыр тамшылары», «Жау, жау жаңбыр» | 1 | Зертханалық жұмыс | 1.09 |
| 2 | «Күз көрінісі» | 2 | Серуен | 08-15.09 |
| 3 | «Жомарт күз» | 1 | Жемістер мен көкөністерден түрлі мүсіндер | 22.09 |
| 4 | «табиғат бұйышындағы гүлдерге қамқорлық | 1 | Табиғат бұрышындағы еңбек | 29.09 |
| 5 | Ағаштар мен бұталар | 2 | Бақылау Зерттеу | 06-13.10 |
| 6 | Гүлдер әлемі: қазтамақ, фикус гүлімен танысу | 1 | Бөлме гүлдері «суретіне қарап ажырат» ойыны | 20.10 |
| 7 | Тікенекті кірпілер | 1 | Қол еңбегі | 27.10 |
| 8 | Төрт-түліктің бірі сиыр | 1 | Ауылға саяхат | 03.11 |
| 9 | Себеттегі жемістер жемістермен танысу (алма, алмұрт) | 1 | Мүсіндеу | 10.11 |
| 10 | Бақшадағы көгеністер: сәбіз, орамжапырақ | 1 | Мүсіндеу | 17.11 25.11 |
| 11 | Алақай, қыс келді! | 1 | Бақылау зерттеу | 05.12 |
| 12 | Ағаштардың көркемі мәңгі жасыл шыршамен танысады | 1 | Еркін ойын: Шыршаны безендіреміз | 15.12 |
| 13 | Гүлдер әлемінде қонақта: раушан гүлімен танысады | 2 | Зертханалық жұмыс Бақылау | 22-30.12 |
| 14 | Осімдіктер әлемін қорғаймын | 1 | Еңбек | 19.01 |
| 15 | Су-тіршілік көзі | 1 | Тәжірибелік жұмыс | 26.01 |
| 16 | Суда өседі, өнеді: Балықпен танысу | 1 | Жұмбақтар Аквариумдағы балықтар | 02.02 |
| 17 | Балақтар жүзеді | 1 | Еркін ойын. Кім көп балық аулайды? | 09.02 |
| 18 | Ұзын құлақ сұр қоян Қоянмен танысу | 1 | Фото суреттер, зообақтағы жануарлардың | 16.02 |
| 19 | Көңілді тиіндер | 1 | суреттері ойыншықтар, коллаж, оригами, трафарет | 23.02 |
| 20 | Түлкі бізде қонақта | 1 | | 02.03 |
| 21 | Ормандағы аю | 1 | | 09.03 |
| 22 | Менің ауламадағы ағаштар | 1 | Серуен Бақылау | 16.03 |
| 23 | Көктем келді алақай! | 1 | Такпақтар оқу «Бұл қай мезгіл?» | 30.03 |
| 24 | Көктем өрнегі | 1 | «Наурыз келді» Абдрахман Асылбек | 06.04 |

| | | | | |
|----|--|-----------|---|-------|
| 25 | Жайдарлы жаз.Бал аралары | 1 | Бақылау | 13.04 |
| 26 | Жәндіктер:қанқыз, көбелекпен танысу | 1 | Серуен бақылау | 20.04 |
| 27 | Жабайы аңдар және оның төлдері | 1 | Еркін ойын | 27.04 |
| 28 | Ауылдағы аулады.иг және мысық | 1 | Саяхат Бақылау | 04.05 |
| 29 | Құстар ауласында:тауық әтеш және балапандар | 1 | Құстарың суреті Еркін ойын: «Суретке қарап атын ата» | 11.05 |
| 30 | Төлдерін тап және ата! | 1 | «Ненің балалары?» Еркін ойын | 18.05 |
| 31 | Бақамен танысу | 1 | Бақылау оригами | 25.05 |
| 32 | Құстар келді өлкеге | 2 | Жыл құстарының суреті.еркін ойын «Ізінен таны» | |
| | Барлығы | 36 | | |